

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ			
Баспа түрі	әріп атауы	Баспа түрі	әріп атауы
Aa	[a]	Ńń	[yń]
Áá	[á]	Oo	[o]
Bb	[by]	Óó	[ó]
Dd	[dy]	Pp	[py]
Ee	[e]	Qq	[qy]
Ff	[fy]	Rr	[yr]
Gg	[gi]	Ss	[sy]
Ĝĝ	[ĝy]	Tt	[ty]
Hh	[hy]	Uu	[u]
Ii	[i]	Úú	[ú]
Ĭĭ	[i̯]	Vv	[vy]
Jj	[jy]	Yy	[y]
Kk	[ki]	Ýý	[uý]
Ll	[yl]	Zz	[zy]
Mm	[my]	Sh sh	[shy]
Nn	[ny]	Ch ch	[chy]



«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы

Президентінің 2017 жылы 26 қазандағы №569 Жарлығына сәйкес бекітілген жаңа әліпби бойынша әзірленді.

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері (Ереже) – латын графикасындағы қазақ әліпбиі бойынша дұрыс жазуды көрсететін құқықтық күші бар құжат. Сонымен қатар латыннегізді жаңа әліпби бойынша қазақ тілінің орфографиялық нормаларын тұрақтандыратын, дұрыс жазу мәдениетін қалыптастыратын басты нормативті қағидалар болып саналады. Ережеде алдымен ұлттық тілдің жазу-сызумен байланысты:

тілдің жалғамалылығы;

тілдің ықшамдалуы;

тіл дыбыстарының үндестігі;

дауыссыздардың бір-бірімен үйлесімділігі т.б. негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктері ескерілді.

Ереженің негізгі ұстанымы үшін *фонематикалық принцип* басшылыққа алынды. Сонымен қатар қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы көне және кірме тілдік қабаттардың кейбір түрлерінің емлесіне қатысты *дәстүрлі және фонетикалық*, ал төл сөздердің күрделі түрлері үшін *морфологиялық принцип* те қолданылды.

Ережеде:

латын негізді әліпби бойынша қазақ тілі дыбыстарының мәнін білдіретін әріптердің үндестікпен, үйлестікпен жазылу нормасы көрсетілді;

сөздерді бірыңғай жуан немесе жіңішке жазу, соған сәйкес қосымшалардың жуан немесе жіңішке жалғану үлгісі берілді;

қосар дыбыстарды (ху/уу, ый/ій) дара әріппен (у, и әріптерімен) таңбалаудың үлгісі ұсынылды;

қазақтың әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетілді;

латыннегізді жаңа әліпбиде жоқ ё, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ әріптерінің жазылу баламасы берілді;

бейүндес буынды кірме сөздерге қосымша жалғаудың орфографиялану тәртібі көрсетілді;

шеттілдік сөздердің орфографиялану үлгісі ұсынылды;

біріккен, кіріккен, тіркесті және қос сөздердің емлесі, сондай-ақ бас әріппен жазылатын атаулардың жазылуы мен тасымалдың тәртібі көрсетілді.

Ереже түзуде ұлттық тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес болуы, дәстүрге айналған базалық нормалардың сақталуы, техникалық жақтан қолдануға оңтайлы, жинақы болуы, халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің кеңірек қамтылуы, жаһандану үрдісінде жазу-сызудың ұлттық сипатының сақталуы ерекше назарға алынды. Сонымен бірге бұған дейінгі жазу тәжірибесі, тұрақталған нормалары, латыннегізді әліпбиді қолданған және қолдана бастаған түркітөктес халықтардың емле тәжірибелері ескерілді.

Аталмыш Ереженің бастапқы нұсқасын түзу жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында (Институт) атқарылды.

Институт әзірлеген Ереже жобасы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық, Терминологиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен ғылыми-практикалық семинар-кеңестерінде бірнеше мәрте қаралып, талқылаудан өткізілді. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы еліміздің бірқатар өңірлерінде ересектер, оқушылар, сондай-ақ оқытушы-филологтер арасында сынама-сауалнама арқылы тексеруден, республикадағы ЖОО-ның оқытушылары мен тілтанушы мамандарының тәуелсіз сараптамасынан өткізіп, Ережеге соңғы редакциялау жұмыстарын жасап, көпшілік назарына ұсынып отыр.

Қазақ емлесіндегі тың өзгерістер, жаңа қағидалар және олардың ғылыми негіздемесі ортологиялық құралдарда жан-жақты қамтылады. Ереже латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық қазақ әліпбиі бойынша Орфографиялық, Орфоэпиялық, Шеттілдік сөздер сөздіктері, Емлесі қиын сөздер сөздігі, Анықтағыштар мен Нұсқаулықтар, басқа да әдістемелік құралдар түзу мен жасауда, мамандар даярлауда ғылыми-нормативтік тірек ретінде алынатын басты құжат болып саналады.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

Баспа түрі	әріп атауы	Баспа түрі	әріп атауы
Aa	[a]	Áá	[á]
Áá	[á]	Bb	[by]
Bb	[by]	Óó	[ó]
Dd	[dy]	Pp	[py]
Ee	[e]	Qq	[qy]
Ff	[fy]	Rr	[yr]
Gg	[gi]	Ss	[sy]
Ğğ	[ǵy]	Tt	[ty]
Hh	[hy]	Uu	[u]
Ii	[i]	Úú	[ú]
Іі	[iu]	Vv	[vy]
Jj	[jy]	Yy	[y]
Kk	[ki]	Ýý	[uý]
Ll	[yl]	Zz	[zy]
Mm	[my]	Sh sh	[shy]
Nn	[ny]	Ch ch	[chy]

ТИРЕК ҰҒЫМДАР

Анықтауыштық қатынас – зат пен құбылыстың атауы болатын есім сөз тіркестері сыңарларының арасындағы алдыңғысы анықтайтын, соңғысы анықталатын қатынас.

Атауыштық тіркес – сыңарлар арасындағы байланысы тұрақты, зат пен құбылысты тура мағынада атайтын, бөлек жазылатын күрделі сөз.

Ашық дауысты – жақтың кең ашылуы арқылы, тек үннің қатысымен жасалатын дыбыс.

Әріп – дыбыстың әліпбидегі графикалық таңбасы.

Біріккен сөз – бірнеше түбірден бірігіп, бір ғана зат пен құбылыстың атауы болатын, бірге жазылатын күрделі сөз.

Дыбыс – айтылымдағы ең кіші тілдік бірлік.

Емле – жазу нормаларын қалыптандыратын ережелер жиынтығы, орфография.

Идиомалық тіркес – дайын күйінде қолданылып, бір ұғымды білдіретін, тұтас мағынасы құрамындағы бірліктердің әрқайсысының мағынасына сәйкеспейтін тұрақты тіркестің түрі.

Көмекші есімдер – зат есімдерге тіркесіп, заттардың кеңістіктегі орналасу қатынастарын білдіретін сөздер.

Күрделі сөз – сыңарлары арасындағы синтаксистік қатынас жойылып, тұтасқан бірлік ретінде бір мағынаны білдіретін, бір ғана морфологиялық, синтаксистік қызмет атқаратын, біріккен, кіріккен, қос сөз және атауыштық тіркес түріндегі сөздер.

Күрделі етістік – екі немесе одан да көп сөздерден жасалып, күрделі қимыл-әрекетті атайтын, бөлек жазылатын сөздер.

Кірме сөз – қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары бойынша игеріліп жазылатын өзге тілден енген сөз.

Кіріккен сөз – екі не одан да көп сөзден бірігіп, сыңар жігіндегі дыбыстар үндесіп, үйлесе өзгеріске ұшыраған, құрамы сіңісіп кеткен сөздер.

Қос сөз – бір сөздің қайталануынан не сөздердің қосарлануынан жасалған, дефиспен жазылатын күрделі сөз.

Қосымша – сөз мағынасын өзгертетін, түрлендіретін, сөз бен сөзді байланыстыратын грамматикалық бірлік.

Қысқарған сөз – күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрі.

Лексикаланған тіркес – фразеологиялық мағынасынан қол үзген, синтаксистік қатынас көмескіленген, жеке сөз орнына жүретін лексикалық бірлік.

Морфологиялық принцип – жеке сөздің және күрделі сөз сыңарларының түбір тұлғасы сақталып жазылатын емле ұстанымы.

Тәуелдік жалғау – бір заттың басқа затқа немесе біреуге тәуелді, меншікті екенін білдіретін қосымша.

Түбір сөз – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, мағыналы негізгі бөлігі.

Тіл үндестігі – қазақ тіліндегі бірінші буынның үндесіміне қарай сөздердің бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын негізгі дыбыстық заңдылығы.

Фонема – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажырататын тілдің дыбыстық жүйесіндегі негізгі типтік бірлік.

Фонематикалық принцип – фонеманың негізгі реңкі сақталып жазылатын емле ұстанымы.

Шеттілдік сөз – жазба тұрпаты түпнұсқасынан үлкен айырмасы болмайтын өзге тілден енген сөз.

ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

I тарау

ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ

Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: а, á, о, ó, у, і, u, ú, е.

§1. а, е, у, і әріптері сөздердің барлық буынында жазылады: ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, kishipeil, senim.

§2. á, о, ó, u, ú әріптері төл сөздің басында жазылады: ádis, álem, sán, dán, mádeniet, báiterек; ozyq, ońtaıly, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz, qujat, tumar; úrdis, úkimet, júie, túbegelli. Кірме, шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады: sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festivál, kobált, banknot, alkogól, vestibúl.

ј, sh мен і әріптерінің ортасында келген а дыбысы жіңішке айтылғанымен, а әрпі жазылады: jai, jaiıaý, jaily, shai, shailyq.

Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі

Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: b, d, f, g, ǵ, h, ı, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch.

§3. b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch және ı, ý (§6-ны қараңыз) әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады: bailyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroid; filosofıa, múftı, paragraf; hıkaıa, qahar, tarih; jospar, ereje, muqtaj; kúmis,

shekpen, berik; lebiz, alash, táyekel; mángilik, qaimaq, galym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saiasat, kelisim, aitys; tabıgát, qatal, sáylet; virýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempion, kaýchýk, senvich; iá, qaiyń, sai; ýaqyt, áleymet, tay. Ashshy, tushshy, keshshe cөздерінде екі sh әрпі қатар жазылады.

§4. ğ әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады: *ǵarysh, aǵash, samǵa*.

§5. ń әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады: *mórtañba, eńbek, tańerteń, meń, zań.*

і, у әріптерінің емлесі

§6. і, у әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: *ai, úi, oishyl, iaǵni, qoian, saia, iod, fail, aikido, mezozi, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáykele, demeýshi, qaýyn, aiýan, keiýana.*

§7. yi (ый), ii (ий) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында і әрпімен жазылады: *igilik, iman; kiim, tiyn, sia, siaqty; bi, tarihi; institýt, kino, granit.*

Е с к е р т у. Қосар yi (ый) әріптері тек syi (сый), tyi (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *sylyq, syymdylyq, syú; tyym, tyuly, tyú.*

iu, ii әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің і (-й) жұрнағы жалғанғанда, екі і әрпі қатар жазылады: *baiu – baidu, keii – keidi.*

§8. uy (ұу), úy (үү) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында у әрпімен жазылады: *úyldyq, úyz, úildeý; túys, qýyrshaq, gýil, tintýir; oqú, sú, jazú, kely, barú.*

§9. ю әрпі iу әріп тіркесі түрінде жазылады: *aiú, baiú, oiú, jaiú, síú.*

Е с к е р т у. і әрпінен кейін тұрған ю әрпінің орнына ú жазылады: *qiú, jiu.*

§10. я әрпі /a әріп тіркесімен жазылады: *qoian, iaǵni, saia.*

Е с к е р т у. / әрпінен кейін тұрған я әрпінің орнына a жазылады: *qiar, sia, jaria.*

II тарау

ТҮБІР СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ.

ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ

Түбір сөздер емлесі

Қазақ тілінде түбір сөздер тіл үндестігі бойынша жазылады.

§11. Төл сөздер бірыңғай жуан не жіңішке үндесіммен жазылады: *azamat, untymaq, bosaǵa, turmys; ásem, memleket, izet, úmit, sóilem.* Ал кейбір кірме сөздерде тіл үндестігі сақталмай жазылады: *quziret, qudiret, muǵalim, qyzmet, qoshemet, aqiret, qasiet, qadir, kitap, taúqimet, qaziret.*

§12. Сөздердің және күрделі сөздер мен сөз тіркестері сыңарларының түбір тұлғасы сақталып

жазылады: *qulun (qulun емес), júzim (júzim емес), kólek (kólik емес), júrek (júrok емес), orunduq (orunduq емес), kók oramal (kók oramal емес), aq ala (aǵ ala емес), aq aiú (aǵ aiú емес); bara almaımyn (baralmaımyn емес), barsa igi edi (barsigedi емес), baryp pa eken (baryppeken емес), kele jatyr (kelatyr емес), kúnkóris, kúnbaǵys, shekara, qyrkúiek, kókónis.*

Қосымшалардың жалғануы

§13. Қосымшалар түбірдің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың үндесіміне қарай не жуан, не жіңішке жалғанады: *jumys-shy-lar-dyń, qart-tar-dyń, baqsha-myz-da; mekeme-de, berekesi, teńiz-shi-ler; kitap-tyń, qudiret-ke, muǵalim-niń; kógal-ǵa, kógorai-ǵa.*

§14. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымшалар қатаңнан, ал дауысты, ұяң немесе үнді болса, қосымшалар ұяң не үндіден басталып жалғанады: *halyq-qa, qyrat-tar, mektep-ke, kólik-pen; táj-ge, qaryz-ǵa, juldyz-dar; tań-ǵa, pán-der, tal-dyń, kól-ge, bala-ǵa, bala-lar, áje-ge, áje-niń.*

§15. Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған у, і әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *aúyl – aúly, daúys – daúsy, erin – erni, halyq – halqu, oryn – orny, ǵuryr – ǵurru, quryq – quryu (қырқын беру), kórik – kórki (бет-ажар), árip – árpi, naryq – narqu (бағасы), raryq – rarqu, qulyq – qulqu, oıyn - oıynu.*

Е с к е р т у. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде у, і түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵu; kórik – kórigi (ұстаның құралы); qalyr – qalybu (нанның қалыбы); quryq – quryǵu (сандық мағына); narqu – narǵu(термин), .*

§16. Соңғы буынында á әрпі жазылатын түбір сөздерге ашық дауыстылармен келетін қосымшалар ғана жуан жалғанады: *kúnásina, kúnásinan, kúásina, kúásinan, kúnáǵa, kúnádan, kinálay, shúbálaný, kúáǵa, kúádan, kúmánǵa, kúmánaný.*

§17. s, z, j дыбыстарына аяқталатын сөздерге s, sh дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбір сақталып жазылады: *basshy* (*bashshy* емес), *qussha* (*qushsha* емес), *tuzsyz* (*tussyz* емес), *sózsiz* (*sóssize* емес), *aýuzsha* (*aýyushsha* емес), *tájsiz* (*táshsiz* емес).

§18. n дыбысына аяқталатын сөздерге b, g, ğ, m дауыссыздарынан басталатын қосымша жалғанғанда, түбірдің негізгі тұлғасы сақталып жазылады: *buryńǵy* (*buryńǵy* емес), *janǵa* (*jańǵa* емес), *qaýynǵa* (*qaýynǵa* емес), *túngi* (*túńgi* емес), *tómengi* (*tómeńgi* емес), *júgenge* (*júgeńge* емес), *janbaidy* (*jambaidy* емес), *kónbedi* (*kómbedi* емес), *senbeidi* (*sembeidi* емес), *saimanmen* (*saimammen* емес).

§19. Сөз соңындағы k, q, p әріптері тәуелдік жалғауы немесе көсемшенің -a, -e, -i жұрнағы жалғанғанда, g, ğ, b (ý) болып жазылады: *júrek* – *júregi*, *súrek* – *súregi*, *kúrek* – *kúregi*; *qazaq* – *qazaǵy*, *baıraq* – *baıraǵy*, *taraq* – *taraǵy*; *kitap* – *kitabı*, *aspar* – *aspaby*, *lep* – *lebi*; *ek* – *egedi*, *tók* – *tógedi*; *taq* – *taǵady*, *baq* – *baǵady*; *kep* – *kebedi*, *keýip*, *jar* – *jabady*, *jaýur*, *tap* – *tabady*, *taýur*. Бірақ *sap* – *sary*, *sarynda*, *tarap* – *tarary* тәрізді сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады.

§20. Екінші сыңары *basy*, *asy*, *aǵasy*, *anasy* тұлғаларымен келген біріккен сөздерде қосымша сөздің тәуелдік формасына жалғанады: *Elbasyna*, *Elbasyn*, *otbasyna*, *otbasyn*, *otbasylar*, *qonaqasyna*, *qonaqasyn*, *qonaqasy*, *otaǵasyna*, *otaǵasyn*, *otaǵasy*, *myńbasyn*, *myńbasyna*, *myńbasylar*. Тәуелдік жалғауының III жағы жалғанбайды.

§21. Түбір сөзге -hana, -nama, -gói, -qoi, -kez, -kesh, -paz, -ger, -ker, -tal, -dar, -qor тәрізді араб, парсы тілінен енген және -kúnem, -niki (-diki, -tiki), -men (-ben, -pen) тәрізді төл қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамай жалғанады: *kitaphana*, *ádisnama*, *emhana*; *danagói*, *aqylgói*; *sánqoi*, *áyesqoi*; *arbakesh*, *baishykesh*; *jihankez*; *ónerpaz*, *bilimpaz*; *zańger*, *saýdager*; *kásipker*, *qairatker*; *sezimtal*, *uǵymtal*; *dindar*, *qaryzdar*; *mansapqor*, *jemqor*; *paidakúnem*; *ataniki*, *ayyldiki*, *qazaqtiki*; *qoǵammen*, *ultpen*, *qyzben*.

III тарау

БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§22. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері бөлек жазылады: *altyn saǵat*, *kiiz úi*, *bota kóz*, *qara shai*, *at qora*, *maqta maiı*, *qaraq kórpe*.

§23. Күрделі сан есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *on bir*, *on birinshi*, *on segiz million*, *jiýrma segiz*, *júz on jeti*, *eki júz jetpis tórt*, *bir myń toǵyz júz elý úsh*, *tórt milliard*, *jiýrma úsh bútin onnan bir*.

§24. Күрделі сын есімдердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *al qyzyl*, *qońyr ala*, *qyzǵylt sary*, *qara ala*, *kók ala*, *qara kók*, *aq sur*, *qula qasqa*, *qula jiren*, *tory tóbel*.

§25. Күрделі етістіктердің, есім және еліктеуіш сөздермен тіркескен құрама етістіктердің әрбір сыңары бөлек жазылады: *barıp keldi*, *kele jatır*, *jaza ber*, *kiip júre ber*, *júgire jóneldi*, *bara almady*, *bara almaı qalyp edi*, *júǵylıp qala jazdady*; *qyzmet etý*, *mán berý*, *qol shapalaqtaý*; *shap etý*, *dý ete túsý*, *baj etý*, *lap qoiý*.

§26. Толық мағыналы сөзбен тіркескен *saiyn*, *keiin*, *buryn*, *deiin*, *sheiin*, *men*, *ben*, *pen*, *qoi*, *ġoi*, *da*, *de*, *ta*, *te*, *ma*, *me*, *ba*, *be*, *pa*, *pe*, *she* шылаулары бөлек жазылады: *jyl saiyn*, *ai saiyn*; *sabaqtan keiin*; *budan buryn*; *jinalysqa deiin*; *túske sheiin*; *qalam men qaǵaz*, *kitap pen dápter*; *kerek qoi*, *kóre ġoi*; *ol da*, *men de*; *halyq ta*, *úkimet te*; *Bar ma eken?* *Kele me eken?* *Suraq pa?* *Kóp pe?* *Az ba?* *Kem be?* *Sen she?*

§27. *da*, *de*, *ta*, *te* шылаулы тіркестерімен келген күрделі сөздер бөлек жазылады: *bar da kel*, *ait ta qoi*, *qara da tur*, *kir de shyq*. Бірақ *urda-juq*, *asta-tók*, *ýda-shý* тәрізді лексикаланған тіркестер бірге әрі дефис арқылы жазылады.

§28. Негізгі сөзге тіркескен *aldy*, *arty*, *asty*, *ústi*, *mańy*, *jany*, *ishi*, *syrtı*, *basy*, *tusy*, *sheti*, *boıy* сияқты көмекші есімдер бөлек жазылады: *esik aldy*, *úi arty*, *kópir asty*, *ústeldiń ústi*, *qala mańy*, *bazar jany*, *aýla ishi*, *qora syrtı*, *qystyń basy*, *júrek tusy*, *aýyl sheti*, *ózen boıy*, *tula boıy*.

Е с к е р т у. *Aldy*, *arty*, *asty*, *ústi* көмекші есімдерімен келіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: *sailaýaldy naýqan*, *mektepaldy top*, *tilarty dybysy*, *sózaldy syńary*, *tisarty daýyssyzy*, *jerústi jumystary*, *jerasty sýlary*.

§29. Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады: *qas batır*, *shynjır balaq*, *shubar tós*, *shiki ókre*, *qara ter*, *iek artty*, *bas tartty*, *bet burdy*, *iin tires*. Бірақ атау сөздің орнына жүретін лексикаланған тіркестер бірге жазылады: *basqosý*, *atsalysý*, *aqkónil* (§38-ді қараңыз).

IV тарау

БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§30. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: kókónis, shekara, jertóle, baǵdarsham, beinebaian, sýsabyñ, kereñqulaq (өс.), itsandyq (өс.), kelteshash (өс.).

§31. Екінші сыңары -lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика, -ar (-er) қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары, -lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter) қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар, -qysh (-kish, -ǵysh, -ǵish) қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары, -ty (-ti, -du, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-ǵi, -qu, -q) қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары бірге жазылады: ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; aýyzashar, atqaminer; ashaturaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdieler, aǵashkemirgishter; kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; sharýabasty, nemketti, súikeisaldy; alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris; aýaqyzdyǵy, aýasúzgi, bórioınaq.

§32. Ásire, bir, kóp, jalpy, бей және avan, avia, avto, agro, anti, aero, gidro, ǵıper, eýro, ızo, infra, kino, mega, mini, radio, tele, trans, últra, foto, elektr сияқты сөзалды сыңарларымен, сондай-ақ бей қосымшасымен келген атаулар бірге жазылады: ásiresolshyl; birqalypty, birmándi; kópmándi, kópmúshe; jalpyulttyq, jalpymemlekettik; beikúná, beihabar; avansahna; aviamektep; avtojol; agrokeshen; antıdene; aershana; gidrobeket; ǵıperbelsendi; eýrospord; ızosyzyq; infraquylym; kinoqondyǵy; megajoba; minijoba; radiobailany; telearna; transshekara; últra dybys; fotosýret; elektrsúzgi.

§33. Екінші сыңары aralyq, qumar, jandy, taný, tanym, jai, hat, aqy, ishilik, sumaq сияқты сөздермен келген атаулар бірге жазылады: halyqaralyq; ataqqumar; ultjandy; jaratylıstany; tiltanym; julyjai; ashlyqhat (ashlyqhat syılay); zeinetaqy; mekemeishilik; ákimsymaq. Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: ashlyq hat, qyzmettik hat.

§34. Esh, ár, kei, bir, qai, qaisy, álde сөздерімен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады: eshkim; árkim; ártúrli; keibir; birdeñe; qaibir; qaisybireyler; áldeqalaı.

Е с к е р т у. Ár, kei, bir, qai, álde сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады: ár el; kei bala; bir jumys; qai zaman; álde shyn, álde ótirik.

§35. Бірінші сыңары aq, qara, sary, kók, qyzyl, ala, boz тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады: aqıyq (құс), aqshabaq (балық); qaraqus, qaraaǵash (өс.); saryandyz (өс.), sarygúl;

kókqutan (құс), kókbasshóp (өс.); qyzylqasqyr (аң), qyzylbıdaı; alabuǵa (балық), alabulbul (құс); bozbetege (өс.), boztorǵai. Үш құрамнан тұратын ботаникалық, зоологиялық атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады: aqbas sıyr, sarybas jylan.

§36. Лексикалық мағынасынан ажыраған qoi, sıyr, túie, bota, qozy, at, qoıan, aıy, bóri, qasqyr, it немесе qum, sý, bal, ý, sor сөздерімен тіркескен ботаникалық, зоологиялық атаулар бірге жазылады: qoıjýsan (өс.), sıyrjoñyshqa (өс.), botabúrgen (өс.), qozygúl (өс.), atqulaq (өс.), qoıansúi ek (өс.), aıybaldyǵan (өс.), aıybadam (өс.), bóriqaraqat (өс.), qasqyrjem (өс.), itbúldirgen (өс.), qum berish (өс.), sýbetege (өс.), balqaraǵai (өс.), ýkekire, ýbıdaıyq (өс.), sorqañbaq (өс.).

Е с к е р т у. Aq, qara, qyzyl, qoñyr, sur, shubar сөздері аң-құс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: aq alabota, qara qarǵa, sur jylan, shubar baqa.

§37. Екінші сыңары shóp, gúl, tiken, japyraq, tamyр, qus, balyq, qurt, jidek, jemis, qat сөздерімен келетін ботаникалық атаулар бірге жазылады: emenshóp, qoñyraıshóp; kúimesgúl, qaltaǵúl; sortiken, shaǵyrtiken; túimejapyraq, sútjapyraq; altyntamyр, beltamyр; totyqus, kóqkus; taraqbalyq, qylyshbalyq; qaraqurt, bósiqurt; qyzyljidek, itjidek; tamyрjemis, torjemis; qaraqat, qyzylqat.

§38. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады: aqsaqal, aqsúiek, aqniет, aqniettik, aqkóñil, aqkóñildilik, kóshbasshy, dúnieqoñyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpıda, janpidalyq, ataqony; basqosý, atsalysý, atústi, atústilik.

V тарау

ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

Қос сөздердефис (-) арқылы жазылады.

§39. Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады: lek-lek, alýan-alýan, júre-júre, kóre-kóre, sólei-sólei, biik-biik, kóp-kóp, taý-taý, qaita-qaita.

§40. Қосарланған еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер және көңіл-күй, шақыру одағайлары дефис арқылы жазылады: jalt-jult, satyr-sutyр, qalt-qult, shaqyr-shuqyr, shart-shurt, sart-surt, tars-turs, pah-pah, shek-shek, qyрау-qyрау.

§41. Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі, сондай-ақ мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады: су-қурмет, ұғит-nasihāt, oi-óris, ydys-aiаq, telegei-teñiz, salt-dástúr, er-toqym, el-jurt, jer-jahan, kúsh-qairat, оñtústik-shyǵys, júrek-tamyр сырqaty, shtrih-kod, оqу-jattyǵу, ákimshil-qysymshyl; úlken-kishi, kári-jas, alys-jaqyn, ashshy-tushshy, alys-beris, joǵary-tómen, kóshi-qon, aitty-aitpady, kirer-kirmesten, kelimdi-ketimdi, kári-qurtañ, kóilek-kónshek, et-met.

§42. Қосарланған болжалдық сан есімдер дефиспен жазылады: bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otыз-qyрyq, altaу-jeteу, bireу-ekeу.

§43. Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады: týradan-týra, qoldy-qolyna, ózinen-ózi, qaraptan-qarap, bardy-joqty, azdy-kópti, tekten-tekke, teginnen-tegin, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz, jolma-jol, barar-barmas; bilep-tóstep, sharshap-shaldyǵyp, kórgen-túigen, jyyp-shaıyp, qyрyp-joıyp, jyлар-eñirep, ósip-óñip.

§44. Араб цифрымен берілген санға қосымша дефис арқылы жалғанады, сондай-ақ түсірілген -ynshy (-inshi), -nshy (-nshi) қосымшасының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды: 6-ǵа, 100-ge deiin, 10-15-ten; 2018-jyly, 5-sanat, 3-kireberis, 10-qazan, 2-aqpan, 136-bar, 1-úı, 9-páter, XXI ǵasyр, III tom, IV taraу. Бірақ № шартты белгісімен тіркесетін араб цифрлы сан есімдер дефис арқылы ажыратылмайды: №82 mekteр, direktordyñ №5 buıǵy, №107 qaуly, №17 kiris.

§45. Цифрға тіркелетін % (процент), °C (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады: 50 %-ke, 10 °C-den tómen.

§46. Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады: ар-ануq, qyp-qyzyl, sap-sary, jar-jaqsy, súр-súikimdi, quba-qup. Бірақ арпаq, kókreñbek болып жазылады.

§47. Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулары, сондай-ақ үeb, eks сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады: brein-ring, kofe-breik, market-meiker, shoу-biznes, tok-shoу, blis-saуal, feis-baqylaу, art-kafe, pop-mýzyka; MP4-pleerleri, USB-tasymaldaуshy, SD-karta; VIP-palata, IT-mamandar, PR-menejer.

§48. -aq, -ai, -aу, -dy, -di, -mys, -mis, -tin, -tuǵyn шылаулары дефис арқылы жазылады: sen-aq, shamaly-aq, kelmeidi-aу, ádemisin-ai, aitqan-dy, barypty-mys, kelipti-mis, kóretin-di; erek-tin, bar-tuǵyn, joq-tuǵyn.

§49. Қысқарған сөзге қосымшалар дефис арқылы жалғанады: AAQ-nyñ, QazUPY-ǵа, TMD-ǵа (§73-75 қараңыз).

VI тарау

БАС ӘРІП ЕМЛЕСІ.

ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЛҒАНУЫ

§50. Әрбір жаңа сөйлем бас әріппен жазылады: Qonaqúide, dóñgelek ústel ústinde qyzǵylt, kúñgirt saуlesi bar tas sham janyp tur. Qyryn otырǵan ákesiniñ úlken kesek pishini Abaıǵа jartylai ǵana kórineди (M.Áuezov).

§51. Өлеңнің әрбір жолы бас әріптен басталады:

Paida oilama, ar oila,

Talap qyl artyq bilýge.

Artyq bilim kitapta,

Erinbei oqyp kóryge (Abaı).

Жалқы есімдер емлесі

§52. Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады: Dýlat Saǵynuly Berdáli, Qyrmyzy Nábiqyzy Seidimbek.

§53. Кісі есімдеріне және -ov, -ev жұрнағымен аяқталған кісінің тегіне қосымша түбір сөздің соңғы буынына сәйкес үндесіп жалғанады: Álıhannуñ, Álıhanǵа; Kúnsulýdyñ, Kúnsulýǵа; Nábievanуñ, Nábievke; Baıǵaraevanуñ, Baıǵaraevqa.

Е с к е р т у. Соңғы буыны á-мен аяқталған кісі есімдеріне қосымшалар §16 бойынша жуан жалғанады: Kúlásh-qa, Kúlái-ǵа, Bilál-ǵа.

§54. Eki сөзден құралған кісі есімдері бірге жазылады: Tóremurat, Aısáyle, Saqypjamal, Ábilqasym, Qasymjomart, Batyrhan, Tursynzada, Nurǵalı, Aıǵúl, Aqбala, Aqylbek, Jaqsybai, Shárbanу, Toqqoja, Nurbike, Nurayım, Nurdildá, Bibihanyм, Asyljan, Ahmetqazy.

§55. Кісі есімдері сыңарларының жігіндегі дыбыстар айтылымына сәйкес жазылады: Aıǵyз, Baıǵeldi, Jumaǵul, Qaragóz, Kenjáli, Bıbajar, Qojahmet.

§56. Араб, парсы тілінен енген кісі есімдері қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес жазылады: Ysqaq, Yrysjan, Yrysaldy, Ysmaiyl немесе Symaiyl, Muhambet, Ybyraıym, Bátıma, Qasen, Qusaıyn, Qadısha, Pazyl, Ábdıqadir, Álbeıbarys.

§57. Тарихи тұлға есімдеріндегі көмекші сөздер сөз басында бас әріппен, сөз ортасында кіші әріппен дефис арқылы жазылады: Ábúnasyr ál-Farabı, Leonardo da Vınchı, Janna d'Ark, Fon der Gols, Lıýdvıg van Bethoven, Ál-Farabıdıń murasy barlyq túrki halyqtaryna ortaq. Көрсетілген есімдерге қосымшалар буын үндесіміне сәйкес жалғанады: Leonardo da Vınchı (-dıń, -ge); Fon der Gols (-туń, -qa); Vilgelm fon Gýmboldt (-туń, -qa).

§58. Ертегі, миф кейіпкерлерінің аттары бас әріппен және бірге жазылады: Jelalaq, Jeztyrnaq, Saqqulaq, Taýsoǵar.

§59. Құрамында бı, журау, ата, ана, batyr, abyз, aqyn, bahadúr, han, seri, sal, datqa, sultan, qaju, sulý, begim, hanym, myrza сөздері бар ұлттық-мәдени қоғамдастыққа танымал кісі есімдерінің алдыңғы сыңары – бас әріппен, екінші сыңары кіші әріппен бөлек жазылады: Móńke бı, Буqар журау, Adam ата, Haýa ana, Qorqyt ата, Domalaq ana, Jalańtós batyr, Baiserke abyз, Dýlat aqyn, Ábilǵazy bahadúr, Abylai han, Aqan seri, Birjan sal, Baizaq datqa, Baraq sultan, Qunanbai qaju, Baıan sulý, Aisheker hanym, Rabia begim.

§60. Дәстүрлі мәдениетте ерекше орын алған кісі есімдерінің алдында қолданылатын тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады: Úkili Ybyrai, Qyz Jibek, Máshhúr Júsip, Qazdaýysty Qazybek бı, Er Tarǵyn, Qaraqypshaq Qobylanđy, Jalaу Musa, Er Tóstik.

§61. Жануарлар мен құстарға қойылған күрделі атаулар бас әріппен және бірге жазылады: Aıtóbel, Qoıankók; Bóribasar, Aqtós, Qaratorǵai.

Жер бедері, аспан денелері атауларының емлесі

§62. Географиялық және астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады: Alataу, Jetisý, Ertis, Jaiyq; Kún, Aı, Jer, Sholpan, Jetiqaraqshy, Súmbile, Úrker.

§63. Muhit, asý, aral, qum т.б. сөздермен келетін жер-су және астрономиялық атаулардың бастапқы сыңары бас әріппен жазылады: Qara teńiz, Туныq muhıty, Kúngeı asýy, Barsakelmes araly, Borsyq qumy.

§64. Тұрақты анықтауыш арқылы қалыптасқан күрделі жер-су атауларының екі сыңары да бас әріппен және бөлек жазылады: Kishi Azıa, Ortalyq Qazaqstan, Batys Qazaqstan, Qıyг Shyǵys, Taýly Altai.

§65. Күрделі жер-су атаулары бас әріппен, түбір тұлғасы сақталып, біріктіріліп жазылады: Araltóbe, Úsharal, Kókshetaу, Betpaqдалa, Jarkent, Marqakól, Saryarqa, Saryaǵash, Jańaarqa.

§66. Қосарланған жер-су атауының екі сыңары да бас әріппен, дефис арқылы жазылады: Aqsý-Jabaǵyly qoryǵy, Úıtas-Aıdos jerasty sýy, Saıram-Ógem ulttyq parki, Balqash-Alakól oıysy.

Күрделі атаулар емлесі

§67. Мемлекет және ең жоғарғы мемлекеттік басқару органдары мен лауазым атаулары бас әріппен жазылады: Qazaqstan Respýblikasy, Qazaqstan Respýblikasynyń Prezidenti, Qazaqstan Respýblikasynyń Premer-ministri, Qazaqstan Respýblikasy Parlamenti Májilisiniń Tóraǵasy, Qazaqstan Respýblikasynyń Úkimeti. Бірақ мемлекеттік лауазым атауларындағы hatshy, ministr, depýtat, ákim, orynbasar, basshy, tóraǵa сөздері кіші әріппен жазылады: Qazaqstan Respýblikasy Memlekettik hatshysy, Qazaqstan Respýblikasy Qarjy ministri, Qazaqstan Respýblikasy Parlamentiniń depýtaty, Túrkistan oblysynyń ákimi, Qazaqstan Respýblikasy Prezidenti ákimshiligi basshysynyń orynbasary, Ádistemelik bólim basshysy, Til komitetiniń tóraǵasy.

§68. Мемлекеттік әкімшілік-басқару органдары (министрлік, комитет, департамент, кодекс т.б.), заңнамалық құжаттар күрделі атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Qarjy ministrliǵı, Qazaqstan Respýblikasy Qarjy ministrliǵı, Qazaqstan Respýblikasy Ishki ister ministrliǵı, Qazaqstan Respýblikasy Qarjy ministrliǵınıń Memlekettik múlik jáne jekeshelendirý jónindegi komiteti, Qazaqstan Respýblikasy Aqparat jáne komýnikasialar ministrliǵınıń Aqparattandyruý departamenti, Qazaqstan Respýblikasynyń Eńbek kodeksi.

§69. Оқу орны, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, өнер орталықтарының және олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары бас әріппен жазылады: Ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniversiteti, Sh.Yalıhanov atyndaǵy Tarih jáne etnologia instıtýty, Qazaqstan Sýretshiler odaǵy, Abai atyndaǵy Opera jáne balet teatry, Qazaq ulttyq ýniversitetiniń Tarih fakúlteti, Shyǵystaný fakúltetiniń Shyǵys filologıasy kafedrası; Til bilimi instıtýtynyń Til mádenieti bólimi, Jazyshylar odaǵy Kórkem ádebiat bólimi, Til bilimi instıtýtynyń Gylymi keńesi.

§70. Ғимарат, ескерткіш, көркем әдебиет, музыка, сәулет, өнер туындылары атауларының алғашқы сөзі бас әріппен жазылады: Beibitshilik pen kelisim sarayı, Qazmedia ortalyǵy, Táýelsizdik sarayı, Áziret Sultan meshiti, I.Esenberlinniń «Kóshpendiler» trilogyasy, «Alasapyran» romany, «Aıqyn» gazeti, «Qazdar qaitqanda» áni, «Máńgilik el» monýmenti.

§71. Маңызды тарихи оқиғалардың, мереке атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады: Aqtaban shubyryndy, Jeltoqsan kóterilisi, Qurban ait, Naǵyryz meıramy, Qazaqstan halqynyń birligi kúni, Bilim kúni.

§72. Мемлекеттік марапаттар, атақтар бас әріппен жазылады: Qazaqstan Respyblıkasy Memlekettik sylyǵynyń laýreaty, «Halyq qaharmany» ataǵy, «Altyn qyran» ordeni, «Eren eńbegi úshin» medali, «Altyn alqa» tósbelgisi.

VII тарау

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§73. Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады: EǵYU (Eýropadaǵy qaýipsizdik jáne yntymaqstasyq uıymy); AQ (Aksionerlik qoǵam); AAQ (Ashyq aksionerlik qoǵam); JShS (Jaýapkershiligi shekteýli seriktestik); DDSU (Dúniejúzilik densaýlyq saqtaý uıymy). Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады: EǵYU-ǵa; EO-ǵa; JShS-nyń, JShS-ǵa; AQ-nyń; DDSU-ǵa; TMD-ǵa, MKK-ge. Бірақ AQSh-qa деп жазылады.

§74. Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: UNESCO, USAID, NATO, EXPO. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: UNESCO-nyń, -ǵa; USAID-tyń, -qa; NATO-nyń, -ǵa; EXPO-nyń, -ǵa.

§75. Аралас қысқарған сөздер төмендегідей жазылады: QazUÝ (Qazaq ulttyq ýniversiteti); Eýroodaq(Eýropalyq odaq). Қосымшалар соңғы буынға үндесіп жалғанады: QazUÝ-dyń, -ǵa; Eýroodaq-tyń,-qa.

VIII тарау

ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

§76. Шеттілдік бірқатар сөздер түпнұсқасына ұқсас жазылады, оларға қосымша буын үндестігіне сәйкес жалғанады: *moderator* (-dyń, -y, -ǵa, -lar), *marker* (-diń, -i, -ge, -ler), *stepler* (-diń, -i, -ge, -ler), *vaycher* (-diń, -i, -ge, -ler), *sýpervaizer* (-diń, -i, -ge, -ler), *banknot* (-tyń, -y, -qa, -tar), *bankomat* (-tyń, -y, -qa, -tar), *planshet* (-tiń, -i, -ke, -ter), *onlain* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *offlain* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *dızain* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *barmen* (-niń, -i, -ge, -der), *resepsn* (-niń, -i, -ge, -der), *skrinshot* (-tyń, -y, -qa, -tar), *blokbaster* (-diń, -i, -ge, -ler).

§77. Бірқатар кірме сөздер айтылуы бойынша жазылады: *taýar*, *nómir*, *poshta*, *kástóm*, *pálte*, *poıyz*, *siez*, *slesir*, *vedimis*, *vedimistik*, *ketchúp*.

§78. *ě* әрпі *ó* әрпімен таңбаланады. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: *manóvr* (-diń, -i, -ge, -ler), *brýselóz* (-diń, -i, -ge, -der), *aktór* (-diń, -i, -ge, -ler), *amóba* (-nyń, -ny, -ǵa, -lar), *dırjór* (-diń, -i, -ge, -ler), *rejısór* (-diń, -i, -ge, -ler).

§79. *ц* әрпі және *сц* әріп тіркесі *с* әрпі арқылы жазылады: *sırk*, *sement*; *desimetr*, *proporsional*, *kvars*, *korporasia*, *senarı*, *abses*, *plebisit*.

§80. *щ* әрпі *sh* әрпімен жазылады: *ýchilıshe*, *praporshık*, *borsh*, *shı* (тағам).

§81. *э* әрпі *e* әрпімен жазылады: *element*, *elevator*, *poetika*, *koefisent*.

§82. *ю* әрпі *ú* әрпімен жазылады: *parashút*, *absolút*, *glúkoza*, *debút*, *prodúser*, *lúks*, *valúta*, *búdjjet*, *búro*, *sújet*, *búleten*, *fúchers*, *kompúter*, *tútor*, *konúktýra*, *konúktivıt*. Қосымшалар соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады.

§83. *я* әрпі *á* әрпімен жазылады: *zarád*, *knáz*, *narád*, *razrád*, *grıláj*. Қосымша §16 бойынша жалғанады.

Е с к е р т у и (i) әрпінен кейін тұрған *я*-ның орнына *а* жазылады: *aksia*, *alergia*, *himia*, *gımnazia*.

§84. Жіңішкелік белгісі (*ь*) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, қосымшалар түбірдің соңғы буынына үндесіп жалғанады: *alkogól* (-diń, -i, -ge, -der), *ansámbl* (-diń, -i, -ge, -der), *asfált* (-tiń, -i, -qa, -ta), *álbartos* (-tyń, -y, -qa, -tar), *álbom* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *álfa* (-nyń, -ǵa), *álmanah* (-tyń, -y, -qa, -tar), *álpınıs* (-tiń, -i, -ke, -ter), *ált* (-tiń, -i, -ke), *áльтerativ* (-tiń, -i, -ke, -ter), *áльтron* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *bálzam* (-nyń, -y, -ǵa, -dar), *batalón* (-niń, -i, -ge, -der), *búldog* (-tyń, -y, -qa, -tar), *búldozer* (-diń, -i, -ge, -ler), *dúbl* (-diń, -i, -ge, -der), *gólf* (-tiń, -i, -ke, -ter), *gastrol* (-diń, -i, -ge, -der), *kúlt* (-tiń, -i, -ke), *kobált* (-tiń, -i, -qa, -tar), *koról* (-diń, -i, -ge, -der), *medalón* (-niń, -i, -ge, -der), *múltfilm* (-niń, -i, -ge, -der), *ós* (-tiń, -i, -ke, -ter), *pálma* (-nyń, -sy, -ǵa, -lar), *paról* (-diń, -i, -ge, -

der), púlt (-tiń, -i, -ke, -ter), roial (-diń, -i, -ǵa, -dar), rúbl (-diń, -i, -ge, -der), sırkúl (-diń, -i, -ge, -der), váls (-tiń, -i, -ke, -ter), vestibúl (-diń, -i, -ge, -der), vólfram (-nyń, -y, -ǵa, -dar), vólt (-tiń, -i, -ke), fakúltet (-tiń, -i, -ke, -ter), festivál (-diń, -i, -ǵa, -dar), fólklar (-dyń, -y, -ǵa, -lar).

Е с к е р т у. жиішкелік белгісі (ь) тұрған буында е, і әріптері болса, бұл белгі ескерілмейді: akvarel (-diń, -i, -ge, -der), artıkl (-diń, -i, -ge, -der), atele (-niń, -si, -ge, -ler), barelef (-tiń, -i, -ke, -ter), barer (-diń, -i, -ge, -ler), gelmint (-tiń, -i, -ke, -ter), kegl (-diń, -i, -ge, -der), kelt (-tiń, -i, -ke, -ter), lager (-diń, -i, -ge, -ler), premer (-diń, -i, -ge, -ler), premera (-nyń, -ǵa, -lar), relief (-tiń, -i, -ke, -ter), shifoner (-diń, -i, -ge, -ler), stil (-diń, -i, -ge, -der), film (-niń, -i, -ge, -der).

§85. Айыру белгісі (ъ) ескерілмей жазылады, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанады: súbekt, obekt, feldeger, adektiv.

§86. -тч әріп тіркесімен аяқталатын сөздердегі т әрпі түсіріліп жазылады: skoch, shech, mach.

§87. дж әріп тіркесі бар сөздерде д әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылады: menejer (-diń, -i, -ge, -ler), jınsi (-niń, -si, -ge, -ler), jentlmen (-niń, -i, -ge, -der). Бірақ búdjct, lodjy болып жазылады.

§88. Сөз соңындағы қайталанған қосар әріптің біреуі түсіріледі: klas (-tyń, -y, -qa, -tar), hol (-dyń, -y, -ǵa, -dar), bal (-dyń, -y, -ǵa, -dar).

§89. Сөз ортасындағы қайталама сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, гг, дд, кк, уу дыбыстарын білдіретін әріптердің бірі түсіріліп жазылады: patison, komısar, resor, profesor, prosesor, asonans, dısonans, disident; gramatika, komýna, imýnogen, imigrant, mamologia, simetria, amıak, anagram; metalýrgıa, elıps, kolej, silabýs, koloid, kolokviým, triler, alofon, troleibýs; kotej, atestat; efýzia, afekt, afrikat, koefisient; týnel, aneksıa, baner, tenis, konotat; abreviatýra, gıbon, korespondent, popýrı, korektor, ipodrom, oponent; súgestıa; aditiv; akaýnt, akord, akredittey, vakým.

Е с к е р т у. Сөз мағынасына әсер ететін жағдайда, сондай-ақ өлшем бірлік атауларында қайталама дыбыстар сақталып жазылады: *netto, dollar, massa, tonna, million, millimetr.*

§90. -ий-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана і әрпі жазылады: kali, alúmini, patri, kafeteri, reali.

§91. Шеттілдік сөздердің соңындағы а әрпі сөз мағынасына әсер етпеген жағдайда түсіріліп жазылады. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғанады: kordinat (-tyń, -y, -qa, -tar), kapsýl (-dyń, -y, -ǵa, -dar), kardıogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar), fonem (-niń, -i, -ge, -der), morfem (-niń, -i, -ge, -der), leksem (-niń, -i, -ge, -der), orfogram (-nyń, -y, -ǵa, -dar). Бірақ matematika, pedagogıka, statistika, mehanika болып жазылады.

§92. -ст, -сть әріп тіркестеріне біткен сөздердің соңғысы (лары) түсіріліп жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: ekonomıs (-tiń, -i, -ke, -ter), komýnis (-tiń, -i, -ke, -ter), manifes (-tiń, -i, -ke, -ter), týris (-tiń, -i, -ke, -ter), poves (-tiń, -i, -ke, -ter).

§93. р, һ әріптеріне аяқталған шеттілдік сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, р, һ әріптері ұяңданбайды және һ әрпіне аяқталған сөзге қосымшалар жуан жалғанады: arhetıp – arhetipi, stereotıp – stereotipi, sheih – sheihy, shtrih – shtrihy; seh (-tyń, -y, -qa, -tar), sheih (-tyń, -y, -qa, -tar), shtrih (-tyń, -y, -qa, -tar).

§94. -ог әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғанады: pedagog (-tyń, -y, -qa, -tar), ekolog (-tyń, -y, -qa, -tar), filolog (-tyń, -y, -qa, -tar).

§95. -рк, -рг, -кс, -лк, -кл, -нк әріп тіркестеріне біткен сөздерге қосымшалар жиішке жалғанады: ocherk (-tiń, -i, -ke, -ter), hirýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), metalýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), polk (-tiń, -i, -ke, -ter), sıkl (-diń, -i, -ge, -der), bank (-tiń, -i, -ke, -ter), tank (-tiń, -i, -ke, -ter).

§96. -кт, -ск, -пт, -фт әріп тіркесіне бітетін сөздерге қосымша у, і дәнекері арқылы, ал -кт, -нкт, -ск сияқты құрамында к әрпі бар сөздерге тек жиішке, басқаларына соңғы буын үндесіміне қарай не жуан, не жиішке жалғанады: fakt, faktige, faktisi; pýnkt, pýnktisi, pýnktige; instıkt, instıktisi, instıktige; disk, diskige, diskisi; aksept, akseptige, akseptisi; soft, softyǵa, softysy.

§97. Сөз соңындағы -нг әріп тіркесі һ әрпімен жазылады, қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: boýlıń (-niń, -ge, -i, -der), brifıń (-niń, -ge, -i, -der), reitıń (-niń, -ge, -i, -der).

Е с к е р т у. Бір буынды сөздерде нг тіркесі жазылады: ring, gang, sleng.

§98. Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында w әрпімен басталатын кейбір сөздер у әрпімен жазылады: úatsap, úıkipedia, úeb-sait.

IX тарау

СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

§99. Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданады: oqý-shylar, oqúshy-lar; bel-sendi, belsen-di; beibitshilik, beibit-shilik, beibitshi-lik.

§100. Буын й мен у дауыссыздарынан басталғанда da-úys (daú-ys емес), sa-úat (saú-at емес), da-ıyundyq (dai-yundyq емес), qı-ıyp (qıı-yıp емес) түрінде тасымалданады.

§101. Сөз ішінде үш дауыссыз дыбыс қатар келгенде, сөздің түбірі сақталып тасымалданады: kúńgirt-teú (kúńgir-tteú емес), jańgyrt-ty (jańgyr-tty емес).

§102. Біріккен және кіріккен сөздер буын жігімен тасымалданады: de-malys, dema-lys (demalys емес); kógorai, kógo-rai (kóg-orai емес).

§103. Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ai, kún, vólt, kvars, púnkt.

§104. Сөздің жеке әрпі келесі жолға тасымалданбайды: ara (a-ra, ar-a емес), aıaq (a-ıaq емес), alaqaп (a-laqaп емес), ua (u-ıa, uı-a емес).

§105. Бас әріптен қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды: AQSh, TMD, BUU.

§106. Кісі есімінің қысқартылған әрпі мен тегі тасымалданбайды: A.Baitursynuly, B.Momyshuly, Ğ.Mustafin, Á.Kekilbaı.

§107. Цифрлармен келген қысқарған өлшем бірлік атаулары және шартты таңбалар тасымалданбайды: 25 ga (25-ga емес), 50 sm (50-sm емес), 50 % (50-% емес).